

Бекітемін _____
«Бөбек kids» жеке бөбекжай
менгерушісі Г.М.Айтқалиева
№1 Педагогикалық кеңес
«20» тамыз 2024 жыл

«Бөбек kids» жеке бөбекжайы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және оқу
бағдарламасы негізінде**

**2024-2025 оқу жылына «Еркем-ай» ортаңғы тобына арналған
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс әрекетінің перспективалық жоспары**

Қазақ тілі пәні мұғалімі: Сариева М.Е

Білім беру ұйымы: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Топ: «Еркем-ай» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Сөйлеу кезінде тыныс алуды дамыту. <i>Сөздік қор:</i> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді (бөпе, аға, апа, іні, қарындас) айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Балалардың өздеріне айтылған сөзді есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Қазан	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. <i>Сөздік қор:</i> жемістердің атауларын айту және дағдыларын қалыптастыру. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> сөздерді байланыстырып құрастыруға үйрету. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> балаларға алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтауға үйрету.
Қараша	<i>Тілдік ұйымдастырушы орта:</i> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарын есімімен толық атауға үйрету. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <i>Сөздік қор:</i> баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар жаттауға баулу. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> зат есім және сын есімнен жасалған сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
Желтоқсан	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту. <i>Сөздік қор:</i> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.
Қаңтар	<i>Тілдік дамытушы орта:</i>

	Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> қазақ тіліне тән ә дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <i>Сөздік қор:</i> жануарлардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> зат есім және сын есімнен жасалған сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> балаларға алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Ақпан	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> қазақ тіліне тән ө дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <i>Сөздік қор:</i> төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> зат есім және сын есімнен жасалған сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Наурыз	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. <i>Сөздік қор:</i> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу(бар, кел, айт) <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> Балалардың өздеріне айтылған пікірді түсінуін қалыптастыру.
Сәуір	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> қазақ тіліне тән ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <i>Сөздік қор:</i> баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> зат есім және етістіктен жасалған сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> таныс ертегілер мен шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу.
Мамыр	<i>Тілдік дамытушы орта:</i> Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: қоштасуды білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. <i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</i> қазақ тіліне тән ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. <i>Сөздік қор:</i> баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштар жаттауға баулу. <i>Тілдің грамматикалық құрылымы:</i> зат есім және етістіктен жасалған сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу(бар, кел, айт). <i>Байланыстырып сөйлеу:</i> таныс ертегілер мен шағын шағырмалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.

